



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

**ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖОҒАРЫДАН
КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ**

СТАНДАРТТАРЫ

(ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ)



АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІН
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ

НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

**ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖОҒАРЫДАН КЕЙІНГІ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ**

(ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ)

УДК 378 (083.7)
ББК 74.58
С 77

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі Жоғары білім беру бойынша Сарапшылар Кеңесімен ұсынылған

С 77 Жоғары және (немесе) жоғарыдан кейінгі білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеу стандарттары – Нұр-Сұлтан: «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» Коммерциялық емес мекемесі, 2020. – 23 б.

ISBN 978-601-7281-12-0

Осы стандарттар ESG (2015) сәйкес әзірленген және жоғары оқу орны ұйымының мәртебесіне, ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына, ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан, оны мамандандырылған аккредиттеу рәсіміне дайындық жүргізу және өткізу талаптарын айқындайды.

УДК 378 (083.7)
ББК 74.58

©Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі 2020

ISBN 978-601-7281-12-0

АЛҒЫСӨЗ

1. «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» Коммерциялық емес мекемесімен **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ.**

2. «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» Коммерциялық емес мекемесі Бас директорының 2020 жылғы 16 маусымдағы № 57-20-ОД бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ** және **ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

3. Осы стандарттарда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңының нормалары іске асырылған.

4. Осы стандарттарда Еуропалық жоғары білім беру аймағында сапаны қамтамасыз ету стандарттарына сәйкес келеді (ESG, 2015).

5. ТӨЛНҰСҚА ҰСТАУШЫ «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» Коммерциялық емес мекемесі: 010000, Нұр-сұлтан қ., Б.Момышұлы к-сі, 2 с. к. 4Г

6. АЛТЫНШЫ БАСЫЛЫМ

Осы стандарттарды «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекемесінің рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығаруға, тираждауға және таратуға болмайды.

МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы	5
2. Нормативтік сілтемелер	5
3. Терминдер мен анықтамалар	6
4. Белгілеулер мен қысқартулар	8
5. Мамандандырылған аккредиттеуді өткізу процедурасы	9
6. Кейінгі процедуралар	11
7. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ	12
Стандарт 1. Білім беру бағдарламасын басқару	12
Стандарт 2. Ақпаратты басқару және есептілік	14
Стандарт 3. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту	15
Стандарт 4. Білім беру бағдарламасын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау	16
Стандарт 5. Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау	17
Стандарт 6. Білім алушылар	18
Стандарт 7. Профессорлық-оқытушы құрамы	19
Стандарт 8. Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі	20
Стандарт 9. Қоғамды ақпараттандыру	21
8. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі	22
Библиография	23

ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖОҒАРЫДАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ

Жалпы ережелер

1. Қолданылу саласы

1.1 Осы стандарттар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, ESG (2015) еуропалық жоғары білім кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен басшылыққа сәйкес әзірленген және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына, ЖОО-ны институционалдық аккредиттеуді жүргізуге қойылатын талаптарды белгілейді.

1.2 Осы стандарттар білім беру ұйымына қойылатын білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеуді өткізу талаптарын айқындайды.

1.3 Осы стандарттар білім беру ұйымдарының мәртебесіне, ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына, ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан, оларды мамандандырылған аккредиттеу рәсімін жүргізу кезінде қолданылады.

1.4 Осы стандарттарды ЖОО сондай-ақ өзінің қызметін және іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын ішкі бағалау, сондай-ақ тиісті ішкі нормативтік құжаттаманы әзірлеу кезінде пайдалануы мүмкін.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

2.1 «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603 Заңы.

2.2 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 маусымдағы № 319-III Заңы.

2.3 «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі № 61-IV Заңы.

2.4 Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспары.

2.5 «Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы.

2.6 «Тиісті білім деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы.

2.7 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстандық жол -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына 2014 жылғы 17 қаңтардағы Жолдауы.

2.8 Қазақстан Республикасы Президентінің «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына 2014 жылғы 11 қарашадағы Жолдауы.

2.9 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы.

2.10 «Сәйкестікті бағалау саласындағы құжаттардың нысандарын және аккредиттеудің алдындағы, аккредиттеуден кейінгі шарттардың үлгі нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 29 қазандағы № 430 бұйрығы.

2.11 «Әскери және қосарлы мақсаттағы тауарларға (өнімге), жұмыстарға және қызметтерге әскери стандарттарды қоспағанда, ұлттық стандарттарды, алдын ала ұлттық стандарттарды, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу, келісу, есепке алу, бекіту, сараптама жүргізу, өзгеру, күшін жою және қолданысқа енгізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі міндетін атқарушының 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 495 бұйрығы.

2.12 Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігінде сапаны қамтамасыз етуге арналған стандарттар және нұсқаулар (ESG) (жаңа редакция) (2015 жылғы 14-15 мамырда Білім министрлерінің Ереван конференциясында бекітілген).

3. Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта 2-тармақта көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

Осы стандарттарда оларға толықтыру ретінде мынадай анықтамалар белгіленген:

3.1 Академиялық ұтқырлық: білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді оқыту немесе зерттеулер жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге (семестрге немесе оқу жылына) өзінің жоғары оқу орнында немесе оқуды жалғастыру үшін басқа жоғары оқу орнында кредиттер түрінде меңгерген оқу бағдарламаларынан, пәндерден міндетті түрде қайта сынақ тапсыра отырып, басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелге);

3.2 Білім беру ұйымдарын аккредиттеу: білім беру қызметтерінің сапасы туралы объективті ақпарат беру және оны арттырудың тиімді

тетіктерінің бар екенін растау мақсатында аккредиттеу органының белгіленген аккредиттеу стандарттарына (талаптарына) сәйкестігін тану;

3.3 Қашықтықтан білім беру технологиясы: білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту;

3.4 Еуропалық аударма және кредиттік жинақтау жүйесі (European Credit Transfer and Accumulation System – ECTS): білім беру бағдарламаларының жоспарлаудың, сипаттаудың, оқыту нәтижелерін бекітудің және танудың, сондай-ақ білім беру траекториясының барлық компоненттері бойынша пәндердің еңбекті қажетсінуін айқындау жолымен ол бойынша студенттің ілгерілеу динамикасын мониторингілеудің студентке бағдарланған тәсілі.

3.5 Мамандандырылған аккредиттеу: білім беру ұйымы іске асыратын жекелеген білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау;

3.6 Білім беру бағдарламаларының сапасы: Білім алушылар мен түлектердің құзыреттері деңгейінің білім беру бағдарламасын іске асыратын ұйым белгілеген кәсіби стандарттардың талаптарына және ең қосымша талаптарға сәйкестігі.

3.7 Кредиттік оқыту технологиясы: білім алушының және оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту.

3.8 Білім беру бағдарламасы: оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені.

3.9 Білім беру мониторингі: білім беру процестерін жүзеге асырудың жай-күйін және нәтижелері мен шарттары өзгеруінің серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау.

3.10 Біліктілікті беру – нақты мамандық бойынша тиісті кәсіптік қызмет түрінің шеңберінде жұмысты орындау үшін қажетті жеке қабілеттілік, кәсіптік білім, шеберлік пен дағдылар жиынтығын растау рәсімі.

3.11 Нәтижелілік: Жоспарланған қызметті іске асыру және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу дәрежесі.

3.12 Сапа жүйесі: Белгіленген қағидаларға және қабылданған әдістемелерге сәйкес сапа менеджментінің белгілі бір функцияларын орындайтын және кәсіби стандарттарға сәйкес белгіленген білім беру

бағдарламасына барлық түлектердің сәйкестігін қамтамасыз ететін рәсімдердің, ұйымдағы бөлімшелер мен лауазымды адамдардың жиынтығы.

3.13 Студентке бағытталған білім беру: білім беру процесінде акценттерді оқытушылықтан (профессорлық-оқытушылар құрамының білімді «трансляциялаудағы» негізгі рөлі ретінде) оқуға (студенттің белсенді білім қызметі ретінде) ауыстыруды көздейтін жоғары білім берудегі болон реформаларының негізін қалайтын қағидат.

3.14 Оқу бағдарламасы: әрбір оқу пәні (сабақ) бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, шеберліктің, дағдылар мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

3.15 Оқу жоспары: тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу пәндерінің, сабақтарының (модульдерінің), практикаларының, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, бірізділігін, көлемін (еңбекті қажетсінуін) және бақылау нысандарын регламенттейтін құжат.

3.16 Туімділік: Қол жеткізілген нәтиже мен пайдаланылған ресурстардың ара-қатынасы.

4. Белгілеулер мен қысқартулар

Осы стандартта 2-тармақта көрсетілген нормативтік құжаттарға сәйкес қысқартулар пайдаланылады. Сонымен қатар, осы стандартта мынадай белгілеулер мен қысқартулар пайдаланылады:

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

АК – Аккредиттеу кеңесі

ВА – бакалавриат

МА - магистратура

PhD - докторантура

ЖОО – жоғары оқу орны

ССК – сыртқы сарапшылар комиссиясы

МЖБС – мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары

БДМБ – білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы

АРТА – Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі

ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы

НҚА – нормативтік құқықтық актілер

ҰБШ – ұлттық біліктілік шегі

ҰБЖ – Ұлттық біліктілік жүйесі

БББ – білім беру бағдарламасы

ПОҚ – Профессорлық-оқытушы құрамы

ECTS – Еуропалық кредитті аудару және жинақтау жүйесі

ESG – Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен нұсқаулар

QF-ЕНЕА – Жоғары білімнің Еуропалық кеңістігіндегі біліктілік шеңбері.

5. Мамандандырылған аккредиттеуді өткізу процедурасы

5.1 Мамандандырылған аккредиттеуді өткізуге жоғары оқу орнының өтінім беруі, құқық белгілейтін және рұқсат құжаттарының көшірмелерін қоса беру.

5.2 Білім беру ұйымының өтінімін АРТА-ның қарауы.

5.3 Мамандандырылған аккредиттеу рәсімін бастау туралы АРТА-ның шешім қабылдауы. Аккредиттеу жүргізу туралы агенттік пен ЖОО-ның арасында шарт жасау.

5.4 Білім беру ұйымының басшылығы және АРТА мамандандырылған аккредиттеуді жүргізудің теориясы, әдістемесі және технологиясы мәселелері бойынша арнайы семинарларда білім беру ұйымының ішкі сарапшыларына мамандандырылған аккредиттеудің өлшемшарттары мен рәсімдерін түсіндіру үшін оқыту ұйымдастырады.

5.5 Білім беру ұйымының АРТА белгілеген талаптарға сәйкес өзін-өзі бағалауды жүргізуі және өзін-өзі бағалау туралы есепті (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) АРТА-ға электрондық нұсқада және тілдердің әрқайсысы үшін 1 данада қағаз тасымалдағышта жіберуі.

5.6 ЖОО-ның өзін-өзі бағалауы жөніндегі есепті талдаудың негізінде АТРА мынадай шешімдерді қабылдауға құқылы:

- өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің материалдарын толықтыру қажеттілігі туралы ұсынымдар әзірлеу

- агенттіктің сыртқы сарапшылар комиссиясының сыртқы сараптамалық бағалауды өткізуі;

- осы стандарттардың өлшемшарттарына өзін-өзі бағалау жөніндегі есеп сәйкес келмегендіктен, мамандандырылған аккредиттеу рәсімін өткізудің мүмкін болмауына байланысты аккредиттеу мерзімін ауыстыру.

5.7 Аккредиттеу жалғастырылған жағдайда АРТА сыртқы сарапшылар комиссиясын қалыптастырады, оны ЖОО-ны бағалауды өткізу үшін АРТА директоры бекітеді. Сарапшылардың саны тексерудің көлеміне және білім беру ұйымы білім беру бағдарламаларының санына қарай айқындалады. Оның құрамына жұмыс берушілерді, білім алушыларды, шетелдік сарапшыларды қоса алғанда, Қазақстанның академиялық жұртшылығының өкілдері кіреді.

5.8 Аккредиттеу жалғастырылған жағдайда АРТА білім беру ұйымымен мамандандырылған аккредиттеуді жүргізу мерзімдерін және ССК сапарының бағдарламасын келіседі.

5.9 Комиссия сапарының ұзақтығы 3-5 күнді құрайды. Сапардың барысында ЖОО Қызметтер көрсету туралы шартқа сәйкес ССК-нің жұмысы үшін жағдайлар жасайды:

- комиссияның әрбір мүшесі үшін өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің электрондық және қағаздағы нұсқасын ұсынады;

- АРТА өкілімен келісім бойынша және ССК мүшелерінің санына сәйкес қажетті ұйымдық техниканы ұсынады;

- инфрақұрылымды және ресурстарды қарауды, кездесулер, сауалнама жүргізуді, сұхбат алуды және ССК сапарының бағдарламасына сәйкес жұмыстардың басқа да түрлерін ұйымдастырады;

- сұрау салынған ақпаратты ұсынады;

- ССК жұмысын фото және бейнетүсірілімін ұйымдастырады;

- сапар аяқталғаннан кейін жоспарланған іс-шаралардың өткізілгенін растайтын ССК жұмысы туралы бейнеролик және сыртқы сарапшылар комиссиясы сапарының барысы туралы ақпарат дайындайды.

5.10 Сапар аяқталғаннан кейін сыртқы сарапшылар комиссиясы білім беру бағдарламаларын бағалау бойынша есеп және ССК сапарының барысы туралы презентация дайындайды.

5.11. Есеп ССК сапарын, АРТА стандарттарының өлшемшарттары бойынша білім беру бағдарламаларының сәйкестігін қысқаша бағалауды, қызметті жақсарту және сапаны қамтамасыз ету бойынша ЖОО-ға ұсынымдарды, Аккредиттеу Кеңесіне ұсынымдарды қамтиды. Аккредиттеу Кеңесіне ұсынымдар білім беру бағдарламасының мәртебесі туралы ақпаратты және аккредиттеудің ұсынылатын мерзімін қамтиды.

5.12 Ұсынымдарды қоса алғанда ССК-нің есебін ССК мүшелері алқалы түрде әзірлейді.

5.13 Аккредиттеу Кеңесінің мамандандырылған аккредиттеу туралы шешім қабылдауы үшін сыртқы сарапшылар комиссиясының білім беру бағдарламаларын бағалау жөніндегі есебі және білім беру ұйымының білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау туралы есебі негіз болады.

5.14 Сыртқы сарапшылар комиссиясының төрағасы сыртқы сарапшылар комиссиясының сапарының қорытындысы бойынша Аккредиттеу Кеңесінің алдында сөз сөйлейді. Объективті себеп болған жағдайда АРТА директоры Аккредиттеу Кеңесінің отырысында баяндамамен қатысу үшін сыртқы сарапшылар комиссиясының мүшесін тағайындайды. Сыртқы сарапшылар комиссиясының төрағасын ауыстыру АРТА директорының бұйрығымен ресімделеді.

5.15 ЖОО-ның білім беру бағдарламасын аккредиттеу туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімдер қабылдау АРТА Аккредиттеу Кеңесінің ерекше құзыретіне жатады. Аккредиттеу Кеңесінің құрамы оның қызметі туралы Ережеге сәйкес айқындалады. Отырыс кворум болған кезде өткізіледі. Аккредиттеу Кеңесі сыртқы сарапшылар комиссиясының ұсынымдарына сәйкес келмейтін негізделген шешім қабылдауға құқылы.

Аккредиттеу Кеңесі мынадай шешімдер қабылдайды:

- аккредиттеу:

- 1 жыл – критерийлер жалпы сақталған, бірақ кейбір кемшіліктер және жақсарту үшін мүмкіндіктер болған кезде;

- 3 жыл – жалпы оң нәтижелер болғанда, бірақ жекелеген елеусіз кемшіліктер және жақсарту үшін мүмкіндіктер болған кезде;

5 жыл – жалпы оң нәтижелер болғанда;

- аккредиттемеу.

5 жыл мерзімге білім беру бағдарламасын аккредиттеу мерзімі өткеннен кейін және аккредиттеуден кейінгі мониторингілеуден табысты өткен кезде білім беру ұйымы реаккредиттеуден (қайта аккредиттеуден) өтуге өтінім беруге құқылы. Білім беру бағдарламасын реаккредиттеу өткізілген жағдайда және оң нәтижелер болғанда, білім беру ұйымы **7 жыл** мерзімге үміткер болуға құқылы.

5.16 Аккредиттеу Кеңесі оң шешім қабылданған кезде АРТА білім беру ұйымына шешімнің нәтижелерімен бірге ресми хат және АРТА-ның Директоры қол қойған білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу туралы сертификат жібереді. БББ-ны аккредиттеу туралы шешім одан әрі Аккредиттелген білім беру ұйымдарының тізіліміне (2-тізілім) енгізу үшін ҚР БҒМ-ға жіберіледі және АРТА-ның веб-сайтында орналастырылады. Сондай-ақ веб-сайтта сыртқы сарапшылар комиссиясының есебі орналастырылады.

Білім беру бағдарламасын аккредиттеу туралы сертификатты алғаннан кейін білім беру ұйымы өзінің сайтында өзін-өзі бағалау туралы есепті орналастырады.

5.17 Аккредиттеу Кеңесі теріс шешім қабылдаған жағдайда АРТА білім беру ұйымына шығарылған шешіммен бірге хат жолдайды.

5.18. Білім беру ұйымы белгіленген тәртіппен Қызметтер көрсету туралы шартқа және Апелляцияларды және шағымдарды қарау жөніндегі комиссия туралы ережеге сәйкес АРТА-ға Аккредиттеу кеңесінің шешіміне апелляция жолдауы мүмкін. Сыртқы сарапшылар комиссиясының және Агенттік өкілдерінің құзыреттілігіне күмәнданған жағдайда немесе сыртқы сарапшылар комиссиясы мүшелері жол берген өрескел бұзушылық болғанда, білім беру ұйымы АРТА-ға шағым жолдауы мүмкін.

6. Кейінгі процедуралар

6.1 АРТА-ның Аккредиттеу Кеңесі оң шешім қабылдаған жағдайда білім беру ұйымы АРТА-ға Сыртқы сарапшылар комиссиясының ұсынымдары шеңберінде сапаны жақсарту және жетілдіру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) ұсынады, оған бірінші басшы қол қояды және мөрмен расталады, сондай-ақ АРТА-мен Қызметтер көрсету туралы шарт жасасады. Шарт және Жоспар аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу үшін негіз болып табылады.

6.2 Білім беру ұйымдарын/білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден кейінгі мониторингілеу рәсімі жөніндегі ережеге сәйкес білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден өткен білім беру ұйымдары Жоспарға сәйкес аралық есептер дайындауы тиіс. Аралық есептер аккредиттеуден

кейінгі мониторинг жүргізудің болжанатын күніне дейін АРТА-ға жолданады.

6.3. Білім беру бағдарламасының аккредиттеуден кейінгі мониторингі білім беру ұйымдарының және (немесе) білім беру бағдарламаларының аккредиттеуден кейінгі мониторингі рәсімі жөніндегі Ережеге сәйкес жүргізіледі.

6.4. Жоспарды және ЖОО-ға қатысты АРТА қойған талаптар орындалмаған жағдайда, сондай-ақ ЖОО-да жүргізілген өзгерістер туралы ақпараттандыру болмағанда, Аккредиттеу Кеңесі мынадай шешімдер қабылдауға құқылы:

- ЖОО-ны институционалдық аккредиттеудің әрекетін уақытша тоқтату;

- 3-тізілімнің тізімінен алып тастау жолымен білім беру ұйымының білім беру бағдарламасын аккредиттеуді қайтарып алу, бұл бұдан бұрын қол жеткізілген аккредиттеудің барлық нәтижелерінің күшін жоюға әкеліп соғуы мүмкін.

6.5 Аккредиттеу мерзімінен бұрын тоқтатылған және қайтарып алынған жағдайда, білім беру ұйымын аккредиттеуді қайтарып алу туралы шешім қабылданған сәттен бастап бір жыл бойы білім беру ұйымы АРТА-ға аккредиттеуге өтінім беруге құқығы жоқ.

7. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ

Стандарт 1. Білім беру бағдарламасын басқару

1.1 Жалпы ережелер

Білім беру бағдарламасын іске асыру оның мақсаттарымен және ЖОО-ның білім беру қызметтері нарығындағы (халықаралық, ұлттық, өңірлік) орнын көрсететін білім беру ұйымының миссиясына сәйкес әзірленген даму жоспарымен айқындалады.

БББ іске асыру Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына, оның ішінде ҰБЖ-ға, ҚР МЖМБС-ға толық көлемде сәйкес келуі тиіс.

1.2 Бағалау критерийлері

1.2.1 ЖОО түрлі стейкхолдерлерді кеңінен тарта отырып, сыртқы және ішкі факторларды талдау негізінде БББ-ны дамытудың мақсаттары мен стратегиясын әзірлеуді көрсетуге тиіс.

1.2.2 Сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, оқыту және оқыту арасындағы байланысты көрсетуге тиіс.

1.2.3 ЖОО сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын көрсетеді.

1.2.4 Сапаны қамтамасыз етуге бейілділік мердігерлер мен әріптестер орындайтын (аутсорсинг), оның ішінде бірлескен/қос дипломды білім беру

мен академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру кезіндегі кез келген қызметке қатысты болуға тиіс.

1.2.5 БББ басшылығы білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын әзірлеудің ашықтығын оның жұмыс істеуін, ЖОО-ның нақты жайғасымын және оның қызметінің мемлекеттің, жұмыс берушілердің, мүдделі тұлғалар мен білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуын талдау негізінде қамтамасыз етеді.

1.2.6 БББ басшылығы білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын қалыптастыру және тұрақты қайта қарау тетіктерінің жұмыс істеуін және оны іске асыру мониторингін, оқыту мақсаттарына қол жеткізуді бағалауды, білім алушылардың, жұмыс берушілер мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігін, БББ тұрақты жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдауды көрсетеді.

1.2.7 БББ басшылығы білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын қалыптастыруға мүдделі тұлғалар топтарының өкілдерін, оның ішінде жұмыс берушілерді, білім алушылар мен ПОҚ өкілдерін тартуы тиіс.

1.2.8 БББ басшылығы білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының даралығы мен бірегейлігін, оның ұлттық даму басымдықтарымен және білім беру ұйымының даму стратегиясымен келісетіндігін көрсетуге тиіс.

1.2.9 ЖОО БББ шеңберінде бизнес-процестерге жауаптылардың нақты айқындамасын, персоналдың лауазымдық міндеттерін бөлуді, алқалық органдар функцияларының аражігін ажыратуды көрсетуге тиіс.

1.2.10 БББ басшылығы білім беру бағдарламасын әзірлеуге және басқаруға қатысатын барлық тұлғалардың қызметін үйлестіруді және оның үздіксіз іске асырылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ бұл процеске барлық мүдделі тұлғаларды тартады.

1.2.11 БББ басшылығы басқару жүйесінің ашықтығын, оны жобалауды, басқаруды және мониторингі, тиісті шешімдер қабылдауды қамтитын сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.

1.2.12 БББ басшылығы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруы тиіс.

1.2.13 БББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқарудың алқалы органдарының құрамына мүдделі тұлғалар (жұмыс берушілер, ПОҚ, білім алушылар) өкілдерінің қатысуын, сондай-ақ білім беру бағдарламасын басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде олардың репрезентативтілігін қамтамасыз етуі тиіс.

1.2.14 ЖОО БББ шеңберінде инновацияларды басқаруды, оның ішінде инновациялық ұсыныстарды талдау мен енгізуді көрсетуге тиіс.

1.2.15 БББ басшылығы ПОҚ, білім алушылар, жұмыс берушілер және басқа да мүдделі тұлғалар үшін өзінің ашықтығы мен қолжетімділігін көрсетуге тиіс.

1.2.16 БББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқудан өткенін растайды.

1.2.17 БББ басшылығы сапаны сыртқы қамтамасыз етудің соңғы рәсімі уақытынан бастап қол жеткізілген прогресті келесі рәсімге дайындық кезінде назарға алуға ұмтылуы тиіс.

Стандарт 2. Ақпаратты басқару және есептілік

2.1 Жалпы ережелер

ЖОО-да негізделген шешімдер қабылдау үшін сыртқы және ішкі статистикалық және талдамалық деректер мен фактілерді жинау және талдау жүйесі бар. ББ басшылығы ақпараттың өлшенуін, анықтығын, дәлдігін, уақтылығын және толықтығын қамтамасыз етеді және фактілер негізінде шешімдер қабылдауды көрсетеді және ББ басқару қызметтің басқа бағыттары сияқты білім алушылар мен түлектер контингенті, қолда бар ресурстар, кадрлық құрам, консалтингтік, зерттеу және халықаралық қызмет және басқа да бағыттар бойынша статистиканы жинау және талдау жүйесін тұрақты пайдалану негізінде жүзеге асырылатынын көрсетеді

2.2 Бағалау критерийлері

2.2.1 ЖОО қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдар негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.

2.2.2 БББ басшылығы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту үшін өңделген, барабар ақпаратты жүйелі түрде пайдалануды көрсетеді.

2.2.3 БББ басшылығы білім беру бағдарламасы шеңберіндегі барлық құрылымдық бөлімшелер мен кафедралардың қызметін көрсететін, олардың нәтижелілігін бағалауды қамтитын есептілік жүйесінің болуын көрсетеді.

2.2.4 ЖОО БББ басқаруды, алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің, жоғары басшылықтың қызметін бағалаудың кезеңділігін, нысандары мен әдістерін айқындауы тиіс.

2.2.5 ЖОО ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету, оның ішінде ақпаратты талдаудың және деректерді ұсынудың дұрыстығы мен уақтылығына жауапты тұлғаларды айқындау тетігін көрсетуге тиіс.

2.2.6 ЖОО ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ олардың негізінде шешімдер қабылдау процестеріне білім алушыларды, қызметкерлерді және ПОҚ-ты тартуды көрсетеді.

2.2.7 БББ басшылығы білім алушылармен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен коммуникация, оның ішінде жанжалдарды шешу тетіктерінің бар екенін көрсетуге тиіс.

2.2.8 ЖОО БББ шеңберінде ПОҚ, персонал және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі және анықталған кемшіліктерді жою дәлелдерін көрсетуге тиіс.

2.2.9 ЖОО қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін, оның ішінде БББ қимасында бағалауы тиіс.

2.2.10 БББ шеңберінде жиналатын және талданатын ақпарат мыналарды ескеруі тиіс:

тиімділіктің негізгі көрсеткіштері;

нысандар мен түрлер бөлінісінде білім алушылар контингентінің серпіні;

студенттердің үлгерім деңгейі, жетістіктері және оқудан шығару;
білім алушылардың БББ іске асыруына және ЖОО-да оқыту сапасына қанағаттануы;

білім алушылар үшін білім беру ресурстары мен қолдау жүйелерінің қолжетімділігі;

түлектердің жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі.

2.2.11 Білім алушылар, қызметкерлер мен ПОҚ дербес деректерді өңдеуге өзінің келісімін құжатпен растауы тиіс.

2.2.12 БББ басшылығы ғылымның тиісті салаларында барлық қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге жәрдемдесуі тиіс.

Стандарт 3. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту

3.1 Жалпы ережелер

Білім берудің тиісті деңгейлеріндегі ББ іске асыру болашақ мамандардың негізгі құзыреттерін қалыптастыруға және еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. ББ білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып, жеке білім беру траекториясын құру мүмкіндігін көздейді. ЖОО-да ББ әзірлеу және бекіту рәсімдері нақты айқындалған.

3.2 Бағалау критерийлері

3.2.1 ЖОО БББ әзірлеудің құжатталған рәсімінің болуын және оның институционалдық деңгейде бекітілуін көрсетуге тиіс.

3.2.2 ЖОО әзірленген БББ-ның белгіленген мақсаттарға және жоспарланған оқыту нәтижелеріне сәйкестігін көрсетуге тиіс.

3.2.3 БББ басшылығы пәндер мен кәсіби практикалардың оқыту нәтижелерін қалыптастыруға әсерін анықтауы тиіс.

3.2.4 ЖОО оқыту нәтижелері мен жеке қасиеттерін қамтитын БББ түлегі моделінің бар екенін көрсете алады.

3.2.5 БББ аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік нақты анықталуы, түсіндірілуі және ҰБЖ, QF-EHEA белгілі бір деңгейіне сәйкес келуі тиіс.

3.2.6 БББ басшылығы кредиттерді аудару мен жинақтаудың Еуропалық жүйесіне (ECTS) негізделген бағдарламаның модульдік құрылымын көрсетуі, БББ-ның, оның модульдерінің (мазмұны мен құрылымы бойынша) жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағдарлана отырып, қойылған мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

3.2.7 БББ басшылығы оқу пәндері мазмұны мен оқыту нәтижелерінің бір-біріне және оқыту деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

3.2.8 БББ басшылығы білім беру бағдарламасының сыртқы сараптамаларын жүргізуді көрсетуге тиіс.

3.2.9 БББ басшылығы білім алушылардың, ПОҚ және басқа да стейкхолдерлердің білім беру бағдарламасын әзірлеуге, сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс.

3.2.10 БББ басшылығы білім беру бағдарламасының білім беру нарығындағы (өңірлік/ұлттық / халықаралық) орнын, оның бірегейлігін көрсетуге тиіс.

3.2.11 Білім алушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады.

3.2.12 Шетелдік жоғары оқу орындарымен қос дипломды БББ және/немесе бірлескен білім беру бағдарламасының болуы маңызды фактор болып табылады.

Стандарты 4. Білім беру бағдарламасын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау

4.1 Жалпы ережелер

БББ мониторингі және мерзімді бағалау оның мақсаттарына қол жеткізуге, жоспарланған оқыту нәтижелерін толық қалыптастыруға бағытталған. ЖОО басшылығы мониторинг жүргізу және мерзімді бағалау форматына қойылатын өз талаптарын айқындауы тиіс. Қолдау қызметтері білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін анықтауды және қанағаттандыруды, оларды қолдауды қамтамасыз етуі тиіс.

4.2 Бағалау критерийлері

4.2.1 ЖОО еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, БББ мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қамтамасыз етуі тиіс.

4.2.2 ЖОО БББ мақсатына қол жеткізу үшін білім беру бағдарламасының мониторингін жүргізудің және мерзімді бағалаудың құжатталған рәсімінің болуын көрсетуге тиіс. Осы рәсімдердің нәтижелері білім беру бағдарламасын үнемі жетілдіруге бағытталған.

4.2.3 БББ мониторингілеу және мерзімді бағалау мыналарды қарастыруы керек:

- нақты пән бойынша ғылым мен технологияның соңғы жетістіктері контекстіндегі бағдарламалардың мазмұны;
- қоғам мен кәсіби орта қажеттіліктерінің өзгеруі;
- білім алушылардың жүктемесі, үлгерімі және бітіруі;
- білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігі;
- білім алушылардың қажеттіліктері мен қанағаттану дәрежесі;
- білім беру ортасының және қолдау қызметтері қызметінің БББ мақсаттарына сәйкестігі.

4.2.4 Барлық мүдделі тұлғалар БББ қатысты кез келген жоспарланған немесе қабылданған іс-әрекеттер туралы хабардар етілуі тиіс. Білім беру бағдарламасына енгізілген барлық өзгерістер жариялануы тиіс.

4.2.5 Қолдау қызметтері білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін және олардың оқытуды ұйымдастыруға, оқытуға, бағалауға, жалпы БББ-ны игеруге қанағаттану дәрежесін анықтауы тиіс.

Стандарт 5. Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау

5.1 Жалпы ережелер

Студентке бағытталған оқыту студенттердің оқу нәтижелеріне жетуінде маңызды рөл атқарады. ЖОО әрбір білім алушының БББ мақсаттарына қол жеткізуін бағалауға, оқытуға және студентке орталықтанған тәсілді енгізеді. Оқу жетістіктерін бағалау әрбір білім алушының білім беру бағдарламасында жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуін объективті көрсетуі тиіс.

5.2 Бағалау критерийлері

5.2.1 БББ басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет пен назар аударуды, оларға икемді оқу траекторияларын беруді қамтамасыз етуі тиіс.

5.2.1 БББ басшылығы дайындау бағыты саласындағы әлемдік ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктері негізінде оқытуды, білім беру бағдарламасының мақсаттарына, оның ішінде құзыреттерге, талап етілетін деңгейде ғылыми жұмысты орындау дағдыларына қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқытудың әртүрлі қазіргі заманғы әдістемелерін пайдалану мен оқыту нәтижелерін бағалауды қамтамасыз етуі тиіс.

5.2.2 БББ басшылығы білім беру бағдарламасы шеңберінде білім алушылардың оқу жүктемесін теория мен практика арасында бөлу, әрбір түлектің БББ мазмұны мен мақсаттарының жетістіктерін игеруін қамтамасыз ету тетіктерін айқындауы тиіс.

5.2.4 БББ пәндерді оқыту әдістемесі саласында жеке зерттеулердің болуы маңызды фактор болып табылады.

5.2.3 ЖОО оқыту нәтижелерін бағалау рәсімдері білім беру бағдарламасының жоспарланған нәтижелері мен мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

5.2.4 ЖОО БББ оқыту нәтижелерін бағалау тетігінің дәйектілігін, ашықтығын және объективтілігін қамтамасыз етуі тиіс. Оқу нәтижелерін бағалау критерийлері мен әдістері алдын-ала жариялануы керек.

5.2.7 Бағалаушы тұлғалар оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістерін меңгеруі және осы салада біліктілігін үнемі арттырып отыруы тиіс.

5.2.5 БББ басшылығы оқытудың әртүрлі әдістемелерін пайдалану және оқыту нәтижелерін бағалау бойынша кері байланыс жүйесінің болуын көрсетуге тиіс.

5.2.9 БББ басшылығы бір мезгілде оқытушы тарапынан басшылық пен көмек көрсету кезінде білім алушылардың дербестігін қолдауды көрсетуге тиіс

5.2.10 БББ басшылығы білім алушылардың шағымдарына ден қою рәсімінің болуын көрсетуге тиіс.

Стандарт 6. Білім алушылар

6.1 Жалпы ережелер

Білім беру бағдарламасы басшылығы қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттауды қоса алғанда, оқудың барлық кезеңдерін реттейтін жарияланған ережелерді көрсетуі тиіс. БББ басшылығы оқытудың алдыңғы нәтижелерін, академиялық ұтқырлық шеңберінде игерілген құзыреттерді, қосымша, формальды және бейресми оқытуды тану тәртібінің болуын көрсетуі тиіс.

6.2 Бағалау критерийлері

6.2.1 ЖОО білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын көрсетуі және оның рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс. Білім алушылардың өмірлік циклін регламенттейтін рәсімдер (оқуға түсуден бастап аяқталғанға дейін) айқындалуы, бекітілуі, жариялануы тиіс.

6.2.2 БББ басшылығы жаңа түскен және шетелдік білім алушылар үшін арнайы бейімдеу және қолдау бағдарламаларын жүргізуді қарастыруы тиіс.

6.2.3 ЖОО өзінің іс-әрекеттерінің тану туралы Лиссабон конвенциясына сәйкестігін, оның ішінде білім алушылардың академиялық ұтқырлығы нәтижелерін, сондай-ақ қосымша, формальды және бейресми оқыту нәтижелерін тану тетігінің болуын және қолданылуын көрсетуге тиіс.

6.2.4 ЖОО білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етуі, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуға жәрдемдесуі тиіс.

6.2.5 ЖОО білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етуі, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуға жәрдемдесуі тиіс.

6.2.6 Дарынды білім алушыларды қолдау тетігінің болуы маңызды фактор болып табылады.

6.2.7 Жоғары оқу орны біліктілікті салыстырмалы тануды қамтамасыз ету мақсатында басқа білім беру ұйымдарымен және ENIC/NARIC «Академиялық тану және ұтқырлық жөніндегі Ұлттық ақпараттық орталықтардың Еуропалық желісінің/Ұлттық академиялық ақпараттық тану орталықтарының» ұлттық орталықтарымен ынтымақтастықты көрсетуге тиіс.

6.2.8 ЖОО білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуі, бітірушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, олармен байланысты қолдау рәсімін көрсетуге тиіс.

6.2.9 ЖОО бітірушілерге алған біліктілігін растайтын құжаттарды, соның ішінде қол жеткізген оқу нәтижелерін беру рәсімін көрсетуге тиіс.

6.2.10 БББ басшылығы бағдарлама түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларға ие екендігін және бұл дағдылар еңбек нарығында шынымен де сұранысқа ие екендігін көрсетуге тиіс.

6.2.11 БББ басшылығы түлектердің жұмысқа орналасуы мен кәсіби қызметіне мониторинг жүргізу тетігінің бар екендігін көрсетуге тиіс.

6.2.12 Түлектер қауымдастығының/ассоциациясының болуы маңызды фактор болып келеді.

Стандарт 7. Профессорлық-оқытушы құрамы

7.1 Жалпы ережелер

ЖОО объективті және ашық кадр саясатын жүргізеді, ОПК мен персоналдың кәсіби дамуына қажетті жағдайлар жасайды. ЖОО студентке бағытталған оқытуға көшуге байланысты оқытушы рөлінің өзгеруін көрсетеді.

7.2 Бағалау критерийлері

7.2.1 ЖОО-да жалдамалы (оның ішінде шақырылған ПОҚ), бүкіл штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ететін персоналдың кәсіби өсуі мен дамуын қамтитын білім беру бағдарламасы бойынша объективті және ашық кадр саясаты болуы тиіс.

7.2.2 ЖОО ПОҚ сапалық құрамының белгіленген біліктілік талаптарына, ЖОО стратегиясына, білім беру бағдарламасы мақсаттарына сәйкестігін көрсетуге тиіс.

7.2.3 БББ басшылығы студентке бағдарланған сабақ беру мен оқытуға көшуге байланысты оқытушы рөлінің өзгеруін көрсетуге тиіс.

7.2.4 ЖОО ПОҚ-тың, оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік беруі тиіс.

7.2.5 ЖОО БББ талаптарына сәйкес келетін кәсіби құзыреттіліктері бар тиісті салалардың мамандарын оқытуға тартуы тиіс.

7.2.6 ЖОО ПОҚ-тың кәсіби және жеке дамуын ынталандыру тетігінің бар екендігін көрсетуге тиіс.

7.2.7 ЖОО білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдардың (мысалы, on-line оқыту, e-портфолио, MOOCs және т. б.) ПОҚ-тың кеңінен қолданылуын көрсетуге тиіс.

7.2.8 ЖОО қызметтің академиялық ұтқырлықты дамытуға, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды тартуға бағытталғанын көрсетуге тиіс.

7.2.9 ЖОО әрбір оқытушының ЖОО-дағы сапа мәдениеті мен академиялық адалдықты ілгерілетуге тартылғандығын көрсетуі, ПОҚ-тың, оның ішінде шақырылғандардың БББ мақсаттарына қол жеткізудегі үлесін анықтауы тиіс.

7.2.10 ПОҚ-тың аймақ пен елдің экономикасын, білімін, ғылымы мен мәдениетін дамытуға қатысуы маңызды фактор болып табылады.

Стандарт 8. Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері

8.1 Жалпы ережелер

ЖОО инфрақұрылымы заманауи талаптарға сәйкес келеді және оқуда студентке бағдарланған тәсілді іске асыруды қамтамасыз етеді. Оқу ортасы материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды қоса алғанда, ЖОО миссиясына және білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкес келеді. ЖОО БББ іске асыру және білім алушылардың, оқытушылардың, қызметкерлердің және басқа да стейкхолдерлердің инфрақұрылыммен қанағаттануына мониторинг жүргізу нәтижелеріне сүйене отырып, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге жағдай жасауға ұмтылады.

8.2 Бағалау критерийлері

8.2.1 ЖОО білім беру ресурстарының, оның ішінде материалдық-техникалық және инфрақұрылымның білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкестігіне кепілдік беруі тиіс.

8.2.2 БББ басшылығы қазіргі заманғы жабдықтармен жаратандырылған және білім беру бағдарламасы мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін аудиториялардың, зертханалардың және басқа да объектілердің болуын көрсетуге тиіс.

8.2.3 ЖОО ақпараттық ресурстардың ЖОО-ның және іске асырылатын білім беру бағдарламасы қажеттіліктеріне, оның ішінде мынадай бағыттар бойынша сәйкестігін көрсетуге тиіс:

- білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушылар мен ПОҚ-ты технологиялық қолдау (мысалы, онлайн-оқыту, модельдеу, деректер базасы, деректерді талдау бағдарламалары);
- кітапхана ресурстары, оның ішінде жалпы білім беретін, базалық және бейіндік пәндер бойынша қағаз және электрондық тасығыштардағы, мерзімді басылымдардағы оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры, ғылыми дерекқорларға қолжетімділік;
- ҒЗЖ нәтижелерін, бітіру жұмыстарын, диссертацияларды плагиатқа сараптау;
- білім беру Интернет-ресурстарына қол жеткізу;

- өз аумағында WI-FI жұмыс істеуі.

8.2.4 ЖОО ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылым мен білімнің интеграциясы, ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялау үшін жағдай жасайтынын көрсетуге тиіс.

8.2.5 ЖОО білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін пайдаланылатын оқу жабдығы мен бағдарламалық құралдардың тиісті оқу бағдарламаларында пайдаланылатындарға ұқсас болуына ұмтылуы тиіс.

8.2.6 БББ басшылығы ақпараттандыру мен кеңес беруді қоса алғанда, білім алушылардың әртүрлі топтарын қолдау рәсімдерінің болуын көрсетуге тиіс.

8.2.7 БББ басшылығы білім алушының жеке білім беру траекториясы бойынша алға жылжуы үшін жағдайлардың болуын көрсетуге тиіс.

8.2.8 ЖОО білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектер, жұмыс істейтін, шетелдік білім алушылар, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар) қажеттіліктерін ескеруі тиіс.

8.2.9 ЖОО инфрақұрылымның қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

Стандарт 9. Қоғамды ақпараттандыру

9.1 Жалпы ережелер

ЖОО тұрақты негізде қоғамды Білім беру бағдарламасы және оны іске асыру шарттары туралы хабардар етеді. Жұртшылықты хабардар ету білім алушылардың, ПОҚ-ның, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тұлғалардың ашықтығы, ашықтығы, тартылуы және хабардар болуы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

9.2 Бағалау критерийлері

9.2.1 ЖОО жариялайтын ақпарат дәл, объективті, өзекті болуы және білім беру бағдарламасы шеңберінде жоғары оқу орнының қызметінің барлық бағыттарын көрсетуге тиіс.

9.2.2 Қоғамды ақпараттандыру ету ұлттық даму бағдарламаларын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін қолдауды және түсіндіруді көздеуі тиіс.

9.2.3 ЖОО басшылығы қалың жұртшылықты және мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру үшін ақпаратты таратудың әртүрлі тәсілдерін (оның ішінде БАҚ, веб-ресурстар, ақпараттық желілер және т. б.) пайдалануы тиіс.

9.2.4 ЖОО-ның білім беру бағдарламасы туралы жариялайтын ақпараты объективті және өзекті болуы және мыналарды қамтуы тиіс:

- БББ мақсаты мен жоспарланған нәтижелері, берілетін біліктілік;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі туралы мәліметтер;

– серіктес жоғары оқу орындарымен, жұмыс берушілермен академиялық ұтқырлық бағдарламалары және ынтымақтастықтың басқа түрлері туралы ақпарат;

– білім алушылардың жеке және кәсіби құзыреттерін дамыту және жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы ақпарат;

- БББ-ның білім беру қызметтері нарығындағы ұстанымдарын көрсететін деректер (өңірлік, ұлттық, халықаралық деңгейлерде).

9.2.5 Ашық ресурстарда профессорлық-оқытушы құрамы туралы, тұлғалар тұрғысынан сенімді ақпаратты жариялау маңызды фактор болып табылады.

9.2.6 ЖОО білім беру бағдарламасы бойынша аудиттелген қаржылық есептілікті өз веб-ресурсында жариялауы тиіс.

9.2.7 ЖОО сыртқы бағалау рәсімдерінің нәтижелері бойынша ақпаратты және сыртқы ресурстарға сілтемелерді орналастыруы тиіс.

9.2.8 Серіктестермен, оның ішінде ғылыми/консалтингтік ұйымдармен, бизнес және әлеуметтік серіктестермен, білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық және өзара іс-әрекет туралы ақпаратты орналастыру маңызды фактор болып табылады.

8. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

8.1 Өзгерістер мен толықтырулар мамандандырылған аккредиттеудің қолданыстағы стандарттарына оларды одан әрі жетілдіру мақсатында енгізіледі.

8.2 АРТА мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді жүзеге асырады.

8.3 Білім беру ұйымдары және басқа да мүдделі органдар қолданыстағы стандарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық жасаған жағдайда, ұсыныстар мен ескертулер АРТА-ға жіберіледі.

8.4 АРТА белгіленген тәртіпте келіп түскен ұсыныстар мен ескертулердің негізділігі мен мақсаттылығына сараптама жүргізеді.

8.5 Қолданыстағы аккредиттеу стандарттарына өзгерістер мен толықтырулар мақұлданғаннан кейін өзгерістермен бірге жаңа редакцияда АРТА бас директорының бұйрығымен бекітіледі.

Библиография

[1] Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

[2] Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603 Заңы.

[3] Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI Заңы.

[5] «Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану және танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 1 қарашадағы № 629 бұйрығы.

[6] Quality Procedures in the European Higher Education Area and Beyond - Second ENQA Survey, ENQA, 2008, Helsinki.

[7] ECTS (Еуропалық несиелену аудару және жинақтау жүйесі) пайдалану бойынша нұсқаулық. - Еуропалық Одақтың Жарияланымдар кеңсесі, 2015 жыл, ISBN 978-92-79-43562-1 (2015 жылғы 14-15 мамырда Білім министрлерінің Ереван конференциясында бекітілген).

[8] Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area (ESG). (2015). Brussels, Belgium

[9] Инженерия, информатика, сәулет, жаратылыстану ғылымдары, математика саласындағы дәрежені бере отырып, білім беру бағдарламаларын аккредиттеудің жалпы критерийлері салалар бойынша бөлек немесе әртүрлі мамандықтардың комбинациясында, инженерия, Информатика/информатика, Жаратылыстану ғылымдары және математика саласындағы дәрежені бере отырып, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу агенттігі (ASIIN), Дюссельдорф (Германия), 2012 ж., 55 бет.

[10] Criteria for accrediting Engineering technology programs, ABET, 2012, Baltimore.

[11] Accrediting standards, ACEJMC, 2006.